



**Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы  
1998 жылғы 23 маусымдағы Несие жөніндегі келісімді (Ауыл шаруашылығына  
жекешелендіруден кейінгі қолдау жасау жобасы) бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 2 шілде N 261

Америка Құрама Штаттары, Колумбия округінде жасалған Қазақстан  
Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы  
1998 жылғы 23 маусымдағы Несие жөніндегі келісім (Ауыл шаруашылығына  
жекешелендіруден кейінгі қолдау жасау жобасы) бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және  
Даму Банкі арасындағы  
Несие жөніндегі келісім  
(Ауыл шаруашылығына жекешелендіруден кейінгі қолдау жасау жобасы)  
1998 ж. 23 маусым

Әділет Департаменті  
Құпия  
7 келісім жобасы  
Тарик Хасан, 24 сәуір, 1998 жыл

1998 жылдың 21-24 сәуірі аралығында Колумбия округіндегі Вашингтонда  
өткен келіссөздер негізінде әзірленді. Қамтамасыз етілген қарыз жөніндегі  
мемлекеттік бағдарламаларды тоқтатудың ұсынылатын шарттары осы келісімнің  
келіссөздердің келісілген хаттамасындағы 3 пунктіне сәйкес енгізіледі.

Бейресми аударма

Несиенің номері  
4331 KZ

## Несие жөніндегі Келісім

<\*>

---

<\*> - Несие жөніндегі Келісімнің орыс және қазақ тілдеріндегі нұсқасы Келісімнің нақты нұсқасы ретінде танылмайды. Келісімнің ХҚДБ - мен келісілген ағылшын тіліндегі нұсқасы ғана нақты текст ретінде танылады.

Қазақстан Республикасы (бұдан былайғы жерде Несие алушы) мен Халықаралық қайта құру және даму Банкінің (бұдан былайғы жерде Банк) арасындағы 1998 жылғы 23 маусым Несие жөніндегі келісім

(А) Несие алушыдан Банкке 1998 жылғы 4 мамыр Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына жекешелендіруден кейінгі қолдау жасауды қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың, осы жөніндегі мақсат пен саясаттың бағдарламасын (бұдан былайғы жерде Бағдарлама) талдап ұсынған хат түсуіне байланысты және Несие алушының осы Бағдарламаны орындауға мүдделілігін;

(В) Несие алушының Банктен осы Бағдарламаны орындауды қолдау үшін Бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында он жыл мерзім ішінде 85 000 000 АҚШ долларына дейінгі мөлшерде бірқатар несиелер босатуын сұрағанын;

(С) Несие алушының осы келісімге тіркелген Бағдарламаның бірінші кезеңін қалыптастыратын 2-ші Қосымшасында сипатталған Жобасының күмансыз орындалатыны және үстемдігі турасында нық сенім білдіре отырып осы Жобаны қаржыландыруға көмек сұрауын;

(D) Несие алушы мен Ноу-Хау жөніндегі Британия қорының (НХБК) арасында британдық грант жөнінде жасалатын шарт бойынша (НХБК) Несие алушыға жобаны (бір бөлегін) қаржыландыру мақсатында британдық грант жөніндегі келісімге сәйкес жалпы сомасы (525000) (фунт стерлинг) тең грант (сыйлық) босататынын;

(Е) Несие алушы мен Европалық одақ (ЕО) арасында жасалатын

шарт бойынша Несие алушыға жобаны (бір бөлегін) қаржыландыру мақсатында ЕО келісіміне сәйкес жалпы сомасы 1'200'000 экю мөлшерінде 1'300'000 АҚШ долларына тең ЕО грантын (сыйлық) босататынын;  
және

жоғарыда айтылғандардың негізінде Банктің Несие алушыға Бағдарламаның бірінші кезеңін қолдау мақсатында осы Келісімде

қарастырылған шарттар мен мерзімге несиелер босатуға келісуін

Еске ала отырып,

екі жақ төмендегідей мәмілеге келді:

## 1 Бап

### Жалпылама шарттар; Анықтама

1.01. Тарау. Банктегі бірегей валюталық несиелер мен кепілдіктер жөніндегі 1995 жылғы 30 мамырдағы (1997 жылғы 2 желтоқсанда енгізілген өзгерістерді қоса қарағанда) Жалпы шарттар осы келісімнің бөлінбес бір бөлігі болып табылады;

1.02. Тарау. Контексте басқаша болмаған жағдайда Жалпы шарттардағы кейбір терминдер осы анықтамаларда бекітілген қалпында қала береді, ал қосымша терминдер төмендегідей мағынаны білдіреді:

(a) "АК" - ақыл-кеңес, оларға осы келісімге тіркелген 5-ші қосымшаның А бөлігіндегі 6-шы пунктінде сілтеме жасалған;

(b) "СНК" - Қаржы министрлігінде құрылған сырттан несиелер енгізетін комитет;

(c) "Шектеусіз қосымша несиелер" - осы келісімге тіркелген 5-ші Қосымшаның D бөлігіндегі (2(b) пунктіндегі ережелерге сәйкес анықтама бойынша шектеусіз қосымша несиелер ретінде сараланатын жанама несиелер.

(d) "АШМ" - несиелер алушының ауылшаруашылық министрлігі және оның құқықтық мұрагері немесе мұрагерлері;

(e) "Қаржы министрлігі" - несиелер алушының Қаржы министрлігі және оның құқықтық мұрагері немесе мұрагерлері;

(f) "ҚҚМ" - "Қатысушы қаржылық мекеме" - сайып келгенде Жобаға қатыстыру мақсатында осы келісімге тіркелген 5-ші қосымшаның В бөлігіне сәйкес таңдалып алынған қаржылық мекемелердің жиынтық атауы; "ҚҚМ" немесе "Қатысушы қаржылық мекеме" жеке мағынада қолданылса сол мекемелердің кез-келгенін мағыналайды;

(g) "ЖОБ" - "АШМ" құрамында Жобаны жүзеге асыруға көмек жасау мақсатында құрылған Жобаны орындау бөлімі;

(h) "ЖӨА" - Несиелер алушы мен Банк арасында 1997 жылдың 2 желтоқсаны мен 1997 жылдың 26 желтоқсаны аралығындағы хаттар алмасуына сәйкес Банк тарапынан Несиелер алушыға Жобаны әзірлеу мақсатында бөлінген аванс;

(i) "ААКО" - осы келісімнің 6.01.(a) тарауына сәйкес құрылған ауылдық ақыл-кеңес орталықтары;

(j) "Ауылшаруашылық кәсіпорны" - жеке алғанда "ҚҚМ" тарапынан қосымша

қаржы бөлінген немесе бөлуге ұсынылған кәсіпорын; ал "Ауылшаруашылық кәсіпорындары" - сайып келгенде бүкіл осындай кәсіпорындарды мағыналайды;

(к) "Арнаулы есеп" - осы келісімнің 2.02. (b) тарауында сипатталған есеп;

(l) "Шектеусіз қосымша несие" - несие қорынан Ауылшаруашылық кәсіпорындарына қосымша жоба үшін "ҚҚМ" тарапынан қосымша бөлінген немесе бөлуге ұсынылған қосымша несие.

(m) "Қосымша жоба" - Ауылшаруашылық кәсіпорны тарапынан қосымша несие қорын пайдалану арқылы іске асырылатын нақтылы даму жобасы;

(n) "Қосымша несие жөніндегі келісім" - осы келісімге тіркелген 5-ші қосымшаның 3-ші пунктіне сәйкес Несие алушы мен "ҚҚМ" арасында уақыт ағымына байланысты өзгерістерді ауық-ауық енгізіп отыру негізінде жасалатын ішкі кредиттік келісімдер әрі мұндай сөз тіркесі Қосымша несие жөніндегі келісімдердің бүкіл қосымша тіркемелеріне тән; "Қосымша несие жөніндегі келісім" жеке мағынада қолданылса көрсетілген келісімдердің кез-келгенін мағыналайды;

(o) "Теңге" - Несие алушының заңды валютасы.

## 2 Бап

### Несие

2.01. Тарау. Банк Несие алушыға Несие жөніндегі осы келісімде көрсетілген шарттар мен мерзімге сәйкес өнбес миллион АҚШ долларына (15.000.000 миллион доллар) тең несие босатуға келіседі.

2.02. (a) Осы келісімге тіркелген 1-ші қосымшадағы Ережелерге орай несие сомасы Несие есебінен мынадай мөлшерде түсіріліп алынуы мүмкін: (i) Несие алушы тарапынан Ауылшаруашылық кәсіпорнының Қосымша жобаға қажетті тауарлар мен қызметтерді қолайлы бағаға сатып алу мақсатында Қосымша несие қорынан қажетінше алуына байланысты Несие қорынан қаржы алатыны жайында күнібұрын мәлімдеуі арқылы төлеген (немесе Банктің келісуі бойынша төленуге тиісті) сома; және (ii) осы келісімге тіркелген 2-ші қосымшада сипатталған, әрі Несие қорынан қаржыландырылуға жататын сомаға жобаға қажетті тауарлар мен қызметтерді қолайлы бағаға сатып алу мақсатында жасалған (немесе Банктің келісуі бойынша жасалуға тиісті) шығындар.

(b) Несие алушы Жобаның мақсаттары үшін Банкке тиімді әрі Банкке қолайлы деп табылатын, оның ішінде қарама-қарсы талаптардан, тәркілеуден немесе тұтқындаудан тиісті дәрежеде қорғай алатындай шарттарға сәйкес арнаулы долларлық депозит есебін ашып, онымен жұмыс жүргізе алады. Осы арнаулы есепке салымдар жасау немесе бұдан төлемдер атқару осы келісімге тіркелген 6-шы қосымшадағы Ережелерге сәйкес жүргізіледі.

(c) Осы келісім күшіне енгеннен кейін іле-шала Банк несие қорынан Несие

алушының атынан Жобаны әзірлеуге арналған аванстың есептен түсіріліп алынып, осы күнге дейін өтелмеген негізгі сомасын және оған тән бүкіл өтелмеген төлемдерді толтыруға қажетті мөлшердегі қаржыны өзіне түсіріп алады. Бұдан кейін Жобаны әзірлеуге арналған аванстың алынбаған қалдығы жойылады.

2.03. Тарау. 2002 жылдың 31 қаңтары немесе Банк тағайындаған бұдан кейінгі күндердің бірі жабылу күні болып белгіленеді. Ондай кейінгі күндер жайында Банк Несие алушыға дереу хабар береді.

2.04. Тарау. (a) Несие алушы Банкке есептен алынбаған негізгі несие қоры жөніндегі міндеттемесі үшін жылдық проценттің төрттен үші (1%-тің 3/4-і) мөлшерінде ауық-ауық комиссия төлейді.

2.05. Тарау. (a) Несие алушы несиелік шоттан алынған несиенің негізгі өтелмеген сомасы бойынша процент есептеудің әр мезгілінде ЛИБОР-дың базалық қойылымына тең және оған қоса жиынтық ЛИБОР спрэд төлейді.

(b) Осы тараудың мақсаттары үшін:

(i) "Процент төлеу мерзімі" - процент төлеу мерзімінің осы Келісім күнінен бастап және оны қоса, бірақ проценттік төлемнің осы күннен кейін іле-шала басталатын күнін есептемегендегі және алғашқы күннен әрі оны қоса, бірақ проценттік төлем күнін есептемегендегі мерзім.

(ii) "Проценттік төлем күні" - осы келісімнің 2.06 тарауында көрсетілген күн.

(iii) "ЛИБОР-дың базалық қойылымы" - алты айға арналған долларлық депозиттің Лондондағы Банкаралық базарда Банк тарапынан негізделіп анықталатын және процент есептеудің бірінші күніне (немесе есептеудің алғашқы кезеңінде проценттік төлем күніне немесе осындай процент есептеу күніне, болмаса процент есептеудің бірінші күніне дейінгі келесі күнге) бағаланатын жылдық процент мөлшері.

(iv) "Жиынтық ЛИБОР спрэд" - процент есептеудің әр кезеңіне:

(a) бір проценттің жартысы (1 %-тен 1/2);

(b) - немесе + процент есептеудің Лондондағы Банкаралық ұсыныс қойылымынан немесе Банктің өтелмеген несие қорына, болмаса Банк тарапынан бірегей валюталы несиелерді немесе осындай несиелердің белгілі бір бөлігін қаржыландыру мақсатында бөлінген қаржыдан не жоғары, не төмен мөлшерде негізделіп анықталатын жылдық процент мөлшері.

(c) Банк процент есептеудің әр кезеңіне анықталатын ЛИБОР-дың базалық қойылымы және Жиынтық ЛИБОР спрэд жөнінде Несие алушыға дереу хабар береді.

(d) Егер проценттік қойылымдарды анықтаудың 2.05 Тарауда көрсетілген тәртібіне әсер ететіндей нарық өзгерістері қалыптасуына байланысты банк өзінің несиешілері және тұтастай Банктің өз мүдделеріне орай несие жөніндегі проценттік қойылымдарды анықтаудың жоғарыдағы 2.05 Тарауынан өзгеше базасын қолдануды тағайындайтын болса, онда Банктің бұл жөнінде Несие алушыға кемінде алты (6) ай бұрын хабарлай отырып, несие жөніндегі проценттік қойылымдарды анықтаудың базасын өзгертуіне

мүмкіндігі бар. Хабарлау мерзімінің аяқталуына қарай базалық қойылым іске қосыла бастайды, алайда көрсетілген мерзім шеңберінде Несие алушы Банк тарапына өзінің қарсылығын білдірген жағдайда жоғарыда айтылған өзгерістер Несиеге қолданылуы мүмкін емес.

2.06. Тарау. Процент және басқа да төлемдер әр жылдың 15 маусымы мен 15 желтоқсанына өтелуі тиіс.

2.07. Тарау. Несие алушы несиелік қаржының негізгі сомасын осы келісімге тіркелген 3-ші қосымшадағы кестеге сәйкес төлейді.

### 3 Бап Жобаны орындау

3.01. Тарау. (а) Несие алушы Жобаның осы келісімге тіркелген 2-ші қосымшада мазмұндалған мұраттарына мүдделі екендігін мәлімдейді және осы мақсатта Жобаны АШМ арқылы тиісті дәрежедегі тиімділік, әкімшілік және қаржылық тәжірибе жағдайында жүзеге асырады, әрі қажет болған жағдайда Жобаға қажетті қаржы, мекен-жай, қызмет көрсету және басқа да қорлармен кідіріссіз қамтамасыз етіп отырады.

(b) Осы тараудың (а) пунктіндегі ережелерге шектеу қойылмаған, немесе Несие алушы мен Банк басқаша келіспеген жағдайда Жобаны Несие алушы Жобаны іске асырудың осы келісімге тіркелген 5-ші қосымшада сипатталған бағдарламасына сәйкес орындайды.

3.02. Тарау. Банкпен басқаша келісілмеген жағдайда Жоба үшін қажет, әрі несие қорынан қаржыландырылуға тиісті тауарлар мен ақыл-кеңес қызметін сатып алу ісі осы келісімге тіркелген 4-ші қосымшадағы Ережелер арқылы реттеледі.

3.03. Тарау. Жалпы жағдайлар жөніндегі 9.08 тарауда көрсетілген мүдделер үшін және ондағы ережелерді шектеместен Несие алушы:

(а) Қорытынды күннен кейінгі алты ай ішінде немесе одан да кешірек мерзім ішінде Жоба мүдделерін орындаудың үзілмеуін қамтамасыз етуді күнібұрын қарастыратын әрі Несие алушы мен Банк арасында келісілетін жоспарды Банк үшін тиімді негізде жасап ұсынады; және

(b) осы жоспар турасында Банктің Несие алушымен пікір алысуына мүмкіндік жасайды.

### 4 Бап (Қаржылық жағдайлар)

4.01. Тарау. (а) Несие алушы Жобаның немесе оның белгілі бір бөлігінің орындалуына қатыстырылған мекемелер мен ведомстволардың Жобаға қатысты қорлар

мен шығындарға байланысты іс-әрекеттерін, есеп құжаттары мен шоттарын бухгалтерлік есептің тиісті дәрежедегі тәжірибесіне сай жүргізеді немесе жүргізілуін қамтамасыз етеді.

(b) Несие алушы:

(i) осы тараудың (a) пунктінде көрсетілген есеп құжаттары мен шоттар, оның ішінде Арнайы шот бойынша әрбір қаржылық жыл сайын Банк үшін тиімді жағдайда тәуелсіз аудиторлар тарапынан аудиттің тиісті мұраттарына сай түрде аудиторлық тексеру өткізуді қамтамасыз етеді.

(ii) айтылған аудиторлар тарапынан жүргізілген аудит даяр болғаннан кейін, бірақ қаржылық жыл аяқталғаннан кемінде алты ай мерзім ішінде осы тексерудің Банк негізді түрде талап еткен егжей-тегжейлі көлемдегі қорытындысын Банкке табыс етеді; және

(iii) есеп құжаттары мен шоттар және аудиторлық тексерулер турасында Банктің негізделген түрдегі сұрауы бойынша оған ауық-ауық мағлұматтар беріп тұрады.

(c) Несие шотынан шығын тізімдері арқылы түсіріліп алынған шығындар турасында Несие алушы:

(i) осы тараудың (a) пунктіне сәйкес осындай шығындарды ашып көрсететін есеп құжаттары мен шоттарды жүргізеді немесе жүргізуді қамтамасыз етеді;

(ii) Банк ең соңғы қаржылық жыл жөніндегі аудиторлық есепті алғаннан кейін Несие шотынан түсіріліп алынған қаржы немесе Арнайы шоттан жасалған төлемдер жайындағы есеп-қисапты қуаттайтын бүкіл құжатнамаларды (келісім-шарттар, төлемдік аманаттар, есептік фактуралар, шоттар, квитанциялар және басқа да құжаттар) кемінде бір жыл мерзімге дейін сақтауды қамтамасыз етеді;

(iii) Банк өкілдерінің осындай құжатнамаларды тексеруіне мүмкіндік жасайды;

(iv) осындай есептік құжатнамалар мен шоттарды осы тараудың (h) пунктінде көрсетілген жыл сайынғы аудиторлық тексерулерге енгізуді және аудиторлық есепте аудиторлар тарапынан соңғы қаржылық жыл ішінде түсіріліп алынған қаржы жөніндегі шығын тізімдері бұларды даярлаған кездегі қолданылған іс-әрекеттер мен ішкі бақылауға негіз бола алуы турасында жеке қорытынды жасалуын қамтамасыз етеді.

## 5 Бап

### Банк санкциялары

5.01. Тарау. Жалпы жағдайлар турасындағы 6.02 тарауындағы мақсаттарға сәйкес төмендегідей қосымша оқиғалар ескеріледі:

(a) Бағдарламаны немесе оның едәуір маңызды бөлігін орындауға мүмкіндік бермейтіндей жағдай туды;

(b) Британиялық грант немесе Европалық Одақ гранты 1998 жылдың 31 тамызына дейін немесе Банк келісе алмаған бұдан да кейінгі күнге немесе күндерге дейін күшіне

ене алмады дейік. Соған қарамастан егер Несие алушы Бағдарламаны басқа бұлақтардан осы Келісімдегі өз міндеттемелеріне қайшы келмейтін жағдайда қаржыландыра алатындығы жайында Банкті қанағаттандырарлық дәрежеде дәлелдеп бере алған жағдайда бұл пункттегі ережелер қолданылмайтын болады.

(с) (i) Осы пункттің (ii) тармағына сәйкес:

(A) Несие алушыға Бағдарламаны қаржыландыру үшін берілген Британиялық гранттан немесе Европалық Одақ грантынан, болмаса басқа да гранттар мен несиелерден қаржы түсіріп алу жөніндегі Несие алушының құқықтары тиісті келісім шарттары бойынша жойылды, толық немесе жарым-жартылай тоқтатылды, немесе

(B) Осы қорларды өтеу мерзімі келісілген мезгілден бұрын туындады.

(ii) Егер Несие алушы (A) мұндай жойылу, тоқтатылу немесе мерзімінен бұрын өтеу турасындағы қиындықтар Несие алушының осы Келісім шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындай алмауынан туындамағанын; және (B) Несие алушы Бағдарламаны басқа бұлақтардан осы Келісімдегі өз міндеттемелеріне қайшы келмейтін жағдайда қаржыландыра алатындығы туралы Банкті қанағаттандырарлық дәрежеде дәлелдеп бере алған жағдайда осы пункттің (ii) тармағы қолданылмайтын болады.

5.02. Тарау. Жалпы жағдайлар турасындағы 7.01 (к) тарауындағы мақсаттарға сәйкес төмендегідей қосымша оқиғалар, атап айтқанда осы Келісімдегі 5.01. Тараудың (с) (ii) пункттері сақталған жағдайдағы осы тараудың (с) (i) (B) пункттерінде қарастырылған жағдай туындауы тиіс.

## 6 Бап

### Күшіне ену. Әрекеттің тоқтатылуы

6.01. Тарау. Мынадай жағдай Несие туралы осы Келісімнің Жалпы жағдайлар турасындағы 12.01 (с) тарауының мақсатына орай осы Несие жөніндегі Келісімнің күніне енуінің қосымша шарты болып табылады:

(a) Несие туралы Келісім қолданудағы заң және заң актілеріне сәйкес жасалып, тиісті орынға ресми түрде тіркелуі тиіс.

(b) Қосымша несие туралы ҚҚМ тарапынан кемінде бір Келісім жасалуы шарт.

(c) Қозғалмалы мүлік аманатын тіркеу туралы Банкті

қанағаттандырарлық дәрежедегі Заң Несие алушының парламенті арқылы паш етілуі шарт.

(d) Осы Келісімнің 4 Бабына сәйкес шоттарға аудит жүргізу мақсатында Несие алушы Банкті қанағаттандырарлық дәрежеде аудитор тағайындауы тиіс.



6.02. Тарау. Жалпы жағдайлар турасындағы 12.04 тараудағы мақсаттарға орай осы Келісімге қол қойылған күннен кейін алпыс (60) күн мерзім белгіленеді.

## 7 Бап

Несие алушының өкілдері; адресстер

7.01 Тарау. Несие алушының осы сәтте қаржы жөнінде жауап беретін Қаржы Министрлігі Жалпы жағдайлар турасындағы 11.03 тараудағы мақсаттарға орай Несие алушының өкілі болып тағайындалады.

7.02 Тарау. Жалпы жағдайлар турасындағы 11.01 тараудағы мақсаттарға орай төмендегі мекен-тұрақтар көрсетіледі:

Несие алушы үшін:

Қазақстан Республикасы, Астана 473000

Республика алаңы 60,

Қаржы Министрлігі

Телекс: 264126

Банк үшін:

International Bank for Reconstruction and Development

1818 H street, N,W Washington, D. C. 20433

United States of America

Телеграф:

Телекс:

INBAFRAD

248423 (MCI)

Washington, D.C.

64145 (MCI)

Осыны куәландыру үшін екі жақ тиісті өкілдіктерге ие адамдары арқылы осы Келісімге Америка Құрама штаттары, Колумбия округінде жоғарыда көрсетілген күні мен жылында қол қойды.

Қазақстан Республикасы үшін

АҚШ-тағы Қазақстан Республикасының елшісі Болат Нұрғалиев

Өкілетті адам

Халықаралық Қайта Құру және Даму банкі үшін

Департаменттің директоры Киоши Кодера

1 Қосымша

Несие қорын шоттан түсіріп алу

1. Төмендегі кестеде Несие қорынан қаржыландыруға жататын шығындар категориясы, әр категория бойынша бөлінген Несие сомасы және Несие қорынан әр категория бойынша қаржыландыруға жататын шығындардың проценттік үлесі анықталған:

Категория	Бөлінген Несие сомасы (доллар есебімен)	Қаржыландыруға жататын шығындар үлесі (% есебімен)
-----------	--	--

(1) Кеңес беру

қызметі және оқыту	1 190 000	100%
--------------------	-----------	------

(2) Тауарлар

(2 автомобильді қоса есептегенде)	20 000	100% шетел шығындары, 100% жергілікті шығын (франко-зауыт) және 85% жергілікті тауарлар алуға жұмсалған шығындар.
-----------------------------------	--------	---

(3) Қосымша несиелер	12 290 000	100% алғашқы 12 айда, 80% кейінірек
----------------------	------------	--

(4) Әрекеттік шығындар	360 000	100% 1999 жылдың 31 желтоқсанына, 80% 2000 жылдың 31 желтоқсанына және 60% кейінірек
------------------------	---------	---

(5) Жобаны әзірлеу үшін Авансты қайта қаржыландыру	853 000	Келісімнің 2.02 (с) тарауына сәйкес анық- талатын сома
--	---------	--

(6) Бөлінбеген сома	287 000	
---------------------	---------	--

## 2. Осы Қосымшаның мақсатында:

(a) "шетел шығындары" Несие алушының елінен басқа кез-келген елден әкелінген тауарлар мен қызметтерге Несие алушының елінен басқа кез-келген елдің ақшасы арқылы төленген шығындарды бейнелейді, және

(b) "жергілікті шығын" Несие алушының жерінен әкелінген тауарлар мен қызметтерге Несие алушының өз ақшасы арқылы төленген шығындарды бейнелейді;

(c) "Әрекеттік шығындар" СНК, ААКО және ЖОБ тарапынан Жобаны іске асыру бағытында басқару, мониторинг, және бақылау, оның ішінде офистік құрал-жабдықтар, кеңсе тауарлары, жалға алу, күтіп ұстау, байланыс, автотранспортты пайдалану, іссапар, жолақы, Жоба шоттарына аудит шығындарын мағыналайды, алайда бұған Несие алушының лауазымды тұлғаларының еңбекақылары кірмейді, және

(d) "Алғашқы 12 ай" сөз тіркесі осы Келісімнің 5-ші Қосымшасындағы В бөлімінің 4(b)(iii) пунктінде бекітілген мағынаны білдіреді.

3. Жоғарыдағы 1 пунктке қарамастан қаржыны шоттан түсіріп алуға болмайтын жағдайлар:

(a) осы Келісімге дейін жасалған шығындар төлемі есебіне, алайда осы Қосымшаның 1 пунктіндегі кестеде көрсетілген 3-ші категориясындағы 3 (b) және (c) тармақтарына сәйкес осы мерзімге дейін, бірақ 1998 жылдың 1 наурызынан әрі қарай жасалған шығындарды өтеу мақсатында 1,500 000 АҚШ долларынан аспайтын мөлшерде шоттан қаржы түсіріп алуға болады;

(b) Несие алушы қосымша несие бойынша төлем есебіне қаржыны шоттан түсіріп алуға талап жолдаған, бірақ Банк Несие алушы мен ҚҚМ арасында несие туралы Банк үшін қолайлы болып табылатын келісім жасалғаны туралы қанағаттанарлықтай куәлік ала алмаған жағдайда;

(c) Егер Қосымша несие осы келісімнің 5-ші қосымшасында көрсетілген немесе еске алынған тәртіп пен шарттарға сәйкестірілмеген болса, онда Қосымша несие бойынша жасалған шығындарды өтеу мақсатында;

4. Банк белгілі бір шарттарға сәйкес Несие алушыны хабардар ете отырып Несие шотынан есеп айырысу тізімдері негізінде тауарлар үшін жұмсалған шығындарды әрбір келісім шарт бойынша 300 000 долларға дейінгі, кеңес беру фирмасымен жасалған әрбір келісім шарт бойынша 100 000 долларға дейінгі, жеке кеңесшілермен жасалған әрбір келісім шарт бойынша 25 000 долларға дейінгі мөлшерде түсіріп алуға болатыны

жайында сұрауы мүмкін.

## 2 Қосымша Жобаны сипаттау

Бағдарламаның мақсаты Қазақстанда ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өндірістік іс-әрекетін жақсартуды, оның ішінде:

(a) Несие алушы тарапынан ауылдық аудандарда жекеменшік секторды қолдау және нарықтық экономиканы нығайтуды; (ii) жаңадан қалыптаса бастаған ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын тиісті ақпаратқа, ақыл-кеңеске және оқуға тартуды жақсартуды; (iii) ауылдық жерлерде қаржылық базардың дамуын қолдау, жекеменшік және басқа түрдегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын коммерциялық негіздегі қаржылық қызметке тартуды; және (iv) ауылдық қаржы жүйесін жетілдіру және банкроттық өндірісті нығайту мақсатында институционалдық-құқықтық реформаларды әрі қарай ұтымды жүргізуді көздейді.

Бағдарламаның мақсаты: (i) ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын коммерциализациялау негізінде шаруашылықтарда өнім өндіруді арттыру және табыс деңгейін көтеру; (ii) ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына коммерциялық банктер арқылы қаржы алуға пайдаланылатын бизнес-жоспарлар әзірлеуге көмектесу; және (iii) Несие алушының екі облысындағы, атап айтқанда Ақмола және Алматы облыстарындағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында ауыл шаруашылығы саласын несиелендірудің құқықтық және институционалдық негіздерін нығайту.

Несие алушы мен Банктің өзара ауық-ауық келісіміне сай өзгерістер енгізілетін екі бөлімнен тұратын Жоба төмендегідей мақсаттарды көздейді:

А Бөлімі: Ауыл шаруашылық кәсіпорындарына арналған  
кеңестік қызмет

1. Ақмола және Алматы облыстарында мынадай мақсаттарда ауылдық ақыл-кеңес орталықтарын ұйымдастыру: (a) қайта құрылудан өту үстіндегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына тікелей көмек жасау және өнім өндіруді арттыру, орнықтылық пен қаржылық өміршендікті қамтамасыз ету мақсатында меншік құрылымына, басқаруға және өндірістік тәжірибеге тиісті өзгерістер енгізу; және (b) ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына басқару, коммерциялық және техникалық мәселелер бойынша ақыл-кеңес, бизнес-жоспар әзірлеу турасында көмек беруді қамтамасыз ету үшін жергілікті кеңесшілер жүйесін анықтау, оқыту және аттестациялау.

2. (a) Жекешелендірілген жаңа ауыл шаруашылығы кәсіпорындары жарнашыларының ақпаратпен қамтылуын жақсарту; (b) қайта құрылудан өту үстіндегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына коммерциялық, техникалық және оқыту мәселелері бойынша кеңес беруді қамтамасыз ету үшін жергілікті кәсіпкерлікті қолдау

инфрақұрылымын құру; және (с) қайта құрылудан өту барысында әлеуметтік мәселелерді шешуге байланысты ақыл-кеңеспен қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайтын жергілікті ұйымдық-кадрлік жүйелерді құру.

3. Жер учаскелеріне қатысты құқықтар турасындағы ақпараттарды тарату және жаңа кәсіпорындарды құру барысында, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының құқыққа ие мүшелеріне табыс бөлінерде меншіктік құқық жөніндегі құжаттарды ықтимал пайдалануды қамтамасыз ету.

4. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін олардың коммерциялық өмір шендігін нығайту, жергілікті кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын құру, қайта құрылудан өту үстіндегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына коммерциялық, техникалық мәселелер бойынша, оның ішінде қайта құрылудан өту барысында әлеуметтік мәселелерді шешуге байланысты кеңес беретін жергілікті потенциал құру жөніндегі ақыл-кеңес қызметімен қамтамасыз ету.

## В. Бөлімі. Қайта құрылудан өту үстіндегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына несие

1. Қайта құрылудан өтуді ойдағыдай аяқтаған және пайда жасаудың тиімді қаржылық нормасы көрсетілген бизнес-жоспар әзірлеген және сол арқылы қаржыны қайтаратынын дәлелдеп қаржыландыру турасында ұсыныс түсірген ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын екшеуден өткен Қатысушы қаржылық мекемелер тарапынан қаржыландыруды қамтамасыз ету.

2. Екшеу талаптарына сай Қосымша жобаларды қаржыландыру мақсатында жекелеген ҚҚМ тарапына несие жолын ашу.

## С. Бөлімі. Институционалдық даму

1. Ауылдық жерлерде саланы несиелендіру қажетін қамтамасыз ете алатын дәрежедегі орнықты қаржылық жүйені ұзақ мерзімдік дамытуға қолдау көрсететін институционалдық базаны дамыту, оның ішінде: (а) қарыздан шыға алмаған ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын тарқатуды жүргізу және қайта құруды бастау, қарыз мәселесін шешудің, банкроттықтың және тарқатудың тәжірибелік жолдарын қолдана отырып қарыз берушілерге банкротқа ұшыраған ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын тарқату жөніндегі заң актілерін қолдану турасында ақыл-кеңес беріп көмек көрсету арқылы оларды қайта құруды өздері бастауына ынталандыру нәтижесінде қайта құруды қарыз берушілердің басқаруымен жүргізу мақсатында қатысушы қаржылық мекемелердің ұйымдық-кадрлік мүмкіндіктерін нығайту; (б) соттарды, тарқатушыларды және әкімшілік қызметкерлерін ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының банкроттығына байланысты арнайы мәселелер, банкроттық пен



2005 жылдың 15 желтоқсаны	355,000
2006 жылдың 15 маусымы	365,000
2006 жылдың 15 желтоқсаны	380,000
2007 жылдың 15 маусымы	390,000
2007 жылдың 15 желтоқсаны	400,000
2008 жылдың 15 маусымы	415,000
2008 жылдың 15 желтоқсаны	425,000
2009 жылдың 15 маусымы	440,000
2009 жылдың 15 желтоқсаны	450,000
2010 жылдың 15 маусымы	465,000
2010 жылдың 15 желтоқсаны	475,000
2011 жылдың 15 маусымы	490,000
2011 жылдың 15 желтоқсаны	505,000
2012 жылдың 15 маусымы	520,000
2012 жылдың 15 желтоқсаны	535,000
2013 жылдың 15 маусымы	550,000
2013 жылдың 15 желтоқсаны	570,000
2014 жылдың 15 маусымы	585,000
2014 жылдың 15 желтоқсаны	605,000
2015 жылдың 15 маусымы	620,000
2015 жылдың 15 желтоқсаны	640,000
2016 жылдың 15 маусымы	660,000
2016 жылдың 15 желтоқсаны	675,000
2017 жылдың 15 маусымы	695,000
2017 жылдың 15 желтоқсаны	720,000
2018 жылдың 15 маусымы	745,000

---

\* Осы бағандағы сандар Жалпы шарттар бөлімінің 4.04 (d) тарауында көрсетілгеннен басқа жерде өтеудің доллар есебіндегі сомасын білдіреді.

#### 4 Қосымша

##### Сатып алу және кеңесшілер қызметі

1 Тарау. Тауарлар сатып алу

А бөлімі. Жалпы ереже

Тауарлар сатып алу және жұмыс жасату Банк тарапынан 1995 жылдың қаңтар айында жарияланып, 1996 жылдың қаңтар айында және 1997 жылдың қыркүйек айында қайта қаралған "ХҚДБ несиелері және МАР қарыздары негізіндегі сатып алулар туралы Басшылық "басылымының (бұдан былайғы жерде Басшылық) 1 тарауындағы ережелерге, сондай-ақ осы тараудың төмендегі ережелеріне сәйкес жүргізіледі:

В бөлімі. Халықаралық бәсеке сауда

1. Осы қосымшаның С бөлімінен басқаша көзделмеген жағдайда тауарлар сатып алу және жұмыс жасату Басшылықтың II тарауындағы және 1 Қосымшаның 5 пунктіндегі ережелерге сай жасалған келісім-шарттар негізінде жүргізіледі.

2. Төмендегі ереже тауарлар сатып алу және жұмыс жасатудың В бөліміндегі 1 пунктте көрсетілген ережелер бойынша жасалған келісім-шарттары негізінде жүргізіледі:

(a) Келісім-шарттарды топтастыру Қажет деп табылған жағдайда тауар алатын келісім-шарттарды әрқайсысы \$300,000 немесе одан жоғары мөлшердегі тендерлік пакеттерге топтастыру керек.

(b) Отандық өндіріс тауарларына жеңілдік Несие алушының жерінде өндірілген тауарларға Басшылықтың 2,54 және 2,55 пункттеріндегі, әрі соның 2-ші Қосымшасындағы ережелер қолданылады.

С бөлімі. Сатып алудың басқа да әрекеттері

1. Халықаралық шектеулі сауда

Осы тараудың 2, 3, 4 және 5 пункттерінен басқаша көзделмеген жағдайда тауарлар Банктің келісуімен шектеулі мөлшердегі сатушылардан Басшылықтың 3.2 пунктіндегі ережелер бойынша жасалған келісім-шарттар негізінде сатылып алынуы мүмкін.

2. Халықаралық (еркін сауда бойынша) сатып алу Осы тараудың 3, 4 және 5 пункттерінен басқаша көзделмеген жағдайда бір келісім-шарттағы жобалық құны 300,000 АҚШ долларына дейінгі тауарлар Халықаралық (еркін сауда бойынша) сатып алу негізінде Басшылықтың 3.5 және 3.6 пункттеріндегі ережелер бойынша жасалған келісім-шарттарға орай сатылып алынуы мүмкін.

3. Ұлттық (еркін сауда бойынша) сатып алу

(a) Осы тараудың 4 және 5 пункттерінен басқаша көзделмеген жағдайда бір келісім-шарттағы жобалық құны 100,000 АҚШ долларына дейінгі тауарлар Ұлттық (еркін сауда бойынша) сатып алу негізінде Басшылықтың 3.5 және 3.6 пункттеріндегі ережелер бойынша жасалған келісім-шарттарға орай сатылып алынуы мүмкін.

(b) Жалпы бағасы 30,000 АҚШ долларынан аспайтын автомобильдер Ұлттық (еркін сауда бойынша) сатып алу негізінде Басшылықтың 3.5 және



3.6 пункттеріндегі ережелер бойынша жасалған келісім-шарттарға орай сатылып алынуы мүмкін.

#### 4. Тікелей жасалатын келісім-шарттар

Осы тараудың 5 пунктінен басқаша көзделмеген жағдайда өндірушінің ерекше құқығына ие тауарлар Банктің алдын-ала келісуімен Басшылықтың

3.7 пунктіндегі ережелер бойынша сатылып алынуы мүмкін.

#### 5. Коммерциялық тәжірибе

Бір келісім-шарттағы жобалық құны 20,000 АҚШ долларына тең тауарлар Банкке қолайлы саналған жағдайда әдеттегі коммерциялық тәжірибеге сәйкес бәсеке бағамен сатылып алынуы мүмкін, бірақ мұндай жағдайда басқа да маңызды факторларға, мәселен жеткізу мерзімі, тауардың тиімділігі мен сенімділігі, қосалқы бөлшектер және қамту мәселелеріне ерекше назар аударылуға тиісті.

### D бөлімі. Сатып алу жөніндегі шешімдерді Банктің қарауы

1. Сатып алуды жоспарлау Жоба мүдделері бойынша сатып алу туралы ұсынылатын жоспар саудаға қатысу үшін алдын-ала іріктеуге шақыруды таратпастан немесе Басшылықтың 1-ші Қосымшасындағы ережелерге сәйкес бәйгелік ұсыныстар берілместен бұрын Банк тарапынан қарап-мақұлдау мақсатында Банкке табыс етіледі. Тауарлар сатып алу және жұмыс жасату Банк тарапынан мақұлданған Сатып алу жоспарына және осы 1-ші пункттегі ережелерге сәйкес жүргізіледі.

#### 2. Алдын-ала қарау

(a) Осы тараудың В. 1, С. 1 және С. 4 Бөлімдеріне қатысты әрбір келісім-шартқа Басшылықтың 1-ші Қосымшасындағы 2 және 3 пункттеріндегі тәртіп қолданылады.

(b) Алғашқы үш Қосымша жобаларға қатысты әрбір келісім-шартқа, сатып алу тәсілдерінің қандайлығына қарамастан, Басшылықтың 1-ші Қосымшасындағы 2 және 3 пункттеріндегі тәртіп қолданылады.

#### 3. Артын-ала қарау

Осы бөлімнің 2-ші пунктіне сәйкес жасалмаған әрбір келісім-шартқа Басшылықтың 1-ші Қосымшасындағы 4-ші пунктіндегі тәсілдер қолданылады.

## II Тарау. Кеңесшілер жалдау

### A бөлімі. Жалпы ереже

Кеңесшілер қызметін сатып алу Банк тарапынан 1997 жылдың қаңтар айында жарияланып, 1997 жылдың қыркүйек айында қайта қаралған "Әлемдік Банк Несиешілеріне кеңесшілер таңдау және жалдау" басылымының (бұдан былайғы жерде Кеңесшілер туралы басшылық) кіріспесі мен II тарауындағы ережелерге, сондай-ақ осы тараудың төмендегі ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

В бөлімі. Сапа және баға негізіндегі таңдау

1. Осы тараудың С бөлімінен басқаша көзделмеген жағдайда Кеңесшілер қызметін сатып алу Кеңесшілер туралы басшылықтың II тарауындағы, Басшылықтың 1-ші және 2-ші Қосымшаларындағы 3 пункттің және кеңесшілерді сапа және баға негізінде таңдау ережелерінің 3.13-3.18 пункттеріндегі тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

2. Төмендегі ережелер кеңесшілік қызметті осының алдындағы пунктке сәйкес берілген келісім-шарттарға қолданылады. Жобаның В бөлімінде көрсетілгеніндей, бір келісім-шарттың жобалық құны 100,000 АҚШ долларына дейінгі ақыл-кеңес қызметімен қамтамасыз ететіндей кеңесшілердің қысқаша тізімі Кеңесшілер туралы басшылықтың 2.07 пунктіне сәйкес толығымен ұлттық кеңесшілерден тұруы мүмкін.

С бөлімі. Кеңесші таңдаудың басқа тәртібі.

1. Жекеше кеңесшілер

Кеңесшілер туралы басшылықтың 5.1 пунктінде көрсетілген талаптарға сай келетіндей дәрежедегі кеңесшілер қызметі Кеңесшілер туралы басшылықтың 5.1 - 5.3 пункттеріндегі ережелерге сәйкес жеке кеңесшілерге берілген келісім-шарттар негізінде сатылып алынады.

2. Бәйгесіз таңдау

Кеңесшілер туралы басшылықтың 3.9 пунктіндегі талаптарға сай дәрежедегі кеңесшілер қызметі Банктің алдын-ала келісуі бойынша Кеңесшілер туралы басшылықтың 3.8 - 3.11 пункттеріндегі ережелерге сәйкес сатылып алынуы мүмкін.

D бөлімі. Кеңесші таңдауды Банктің қарау тәртібі.

1. Таңдауды жоспарлау

Кеңесшілерге ұсыныс әзірлеу жөнінде сұрау таратпас бұрын Жоба мүдделері үшін Кеңесшілер таңдаудың ұсынылатын жоспары Кеңесшілер туралы басшылықтың 1-ші Қосымшасындағы 1-ші пункттегі ережелерге сәйкес қарап-мақұлдау мақсатында Банкке табыс етіледі. Кеңесшілер қызметінің баршасы Банк мақұлдаған таңдау жоспарына және жоғарыда көрсетілген 1-ші пункттегі ережелерге сәйкес жүргізілуі тиіс.

2. Алдын-ала қарау

(a) Кеңес беру фирмасымен жасасылған жобалық құны 200,000 АҚШ долларына тең және одан жоғары әр келісім-шарт үшін Кеңесшілер туралы басшылықтың 1-ші Қосымшасындағы 1.2 және 5-ші пункттерінде (2 (a) пунктінің үшінші тармақшасын есептемегендегі) мазмұндалған тәртіп қолданылады.

(b) Кеңес беру фирмасымен жасасылған жобалық құны 100,000 АҚШ долларына тең және одан жоғары, бірақ 200,000 АҚШ долларынан аспайтын әр келісім-шарт үшін Кеңесшілер туралы басшылықтың 1-ші Қосымшасындағы 1.2 және 5-ші пункттерінде (2 (a) пунктінің екінші тармақшасын есептемегендегі) мазмұндалған тәртіп қолданылады.

(c) Жеке кеңесшімен жасасылған жобалық құны 25,000 АҚШ долларына

тең және одан жоғары әр келісім-шарт бойынша кеңесшілердің кәсіби шеберлігі, тәжірибесі, сондай-ақ жалға алудың техникалық тапсырмасы мен шарттары жөніндегі сипаттама алдын-ала қарап, мақұлдау мақсатында Банкке ұсынылады.

### 3. Артын-ала қарау

Осы бөлімнің 2-ші пунктіне сәйкес жасалмаған әрбір келісім-шартқа Кеңесшілер туралы басшылықтың 1-ші Қосымшасындағы 4-ші пунктінде мазмұндалған тәртіп қолданылады.

## 5 Қосымша

### Іске асыру Бағдарламасы

#### А Бөлімі

#### Жалпы ережелер

1. Несие алушы Жобаның А, С және D бөлімдерін ЖОБ көмегімен АШМ арқылы орындайды.

2. Несие алушы қажетті мөлшерде қызметкерлермен толықтырылған және Банк үшін қолайлы деп табылған жағдайдағы мекен-жайы, жұмысы, өкілеттігі бар ЖОБ қызметін қамтамасыз етеді.

3. Несие алушы Жоба аяқталғанша 1998 жылдан бастап жыл сайын 30 қазанға дейін ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қайта құрылуына қатысты есеп айырысу мерзіміне қаратылған техникалық көмек, оқыту-үйрету жөніндегі мұқтаждықтар және басқа да мақсатты көрсеткіштер таңбаланған жылдық жұмыс бағдарламасының ЖОБ тарапынан уақытында әзірленіп, Банктің қарауына әрі бекітуіне ұсынылуын қамтамасыз етеді.

4. Несие алушы 1998 жылдың 31 желтоқсанына дейін Банкпен келісілген жоспар бойынша ЖОБ, ААКО және ҚҚМ қызметкерлерін Қоршаған орта және табиғи қорлар Министрлігі арқылы экология мәселелері бойынша оқытып шығаруды қамтамасыз етеді.

5. (а) Несие алушы қажетті мөлшерде қызметкерлермен толықтырылған және Банк үшін қолайлы деп табылған жағдайдағы мекен-жайы, жұмысы, өкілеттігі бар ААКО қызметін қамтамасыз етеді.

(б) ААКО міндетіне басқалармен қатар ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына қайта құрылуына қатысты көмек көрсету және Жоба шеңберінде несие алуға ұсыныс түсірген

ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының осы Қосымшаның С бөлімінде мазмұндалған таңдау сынағына сәйкестігін қамтамасыз ету жатады.

(с) ААКО: (i) 1999 жылдың 30 сәуіріне дейін ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына шығындарды толтыру есебінен кеңесшілік қызмет көрсету жоспарын әзірлеп, оны Банкпен бірге талқылайды және (ii) кейінірек осы жоспарды, егер Банк тарапынан жасалған ескертпелер болса, соларды ескере отырып жүзеге асырады.

6. Несие алушы 1999 жылдың 30 сәуіріне дейін Банкке қолайлы деп табылған деңгейдегі техникалық тапсырма бойынша Банкке қолайлы деп табылған деңгейдегі жұмысы мен өкілеттігі бар Кеңес беру орталықтарын ұйымдастырады және оның әрі қарай өмір сүруін қамтамасыз етеді.

7. Несие алушы коммерциялық несиелендіру саясатын қабылдайды және осы мақсатта бюджеттік қордан ауыл шаруашылығы саласындағы несиені проценттік қойылым арқылы қаржыландырудың кең таралған тәжірибесін бірте-бірте тоқтатады.

Осы мақсатта Несие алушы 2000 жылдың 1 қаңтарына дейін ауыл шаруашылығы саласындағы несиені бюджеттік қордан қаржыландыруды, бұған дейін Банкпен келісілген және талқыландырылған жағдайлардан басқасын, мүлде тоқтатады.

8. Несие алушы:

(a) өзіне Жобаның орындалуын тұрақты түрде бақылап, баға беруге мүмкіндік жасайтын тиісті дәрежедегі тәртіп пен саясатты қамтамасыз етеді және оның мақсаттарына Банкке қолайлы дәрежедегі көрсеткіштер <\*> арқылы жетіп отырады.

<\*> - Жобаны орындау көрсеткіштері Қосымша хатта мазмұндалады

(b) Банкке қолайлы дәрежедегі техникалық тапсырма бойынша мөлшермен 2000 жылдың 15 ақпанына дейін Банкке есеп әзірлеп тапсырады. Бұл есепте осы тараудың (a) пунктіне сәйкес атқарылған жұмыстар қорытындыланады және есеп беріліп отырған мезгіл ішінде Жобаның орындалу барысына, мониторингке баға беріліп, осы күннен арғы мерзімде Жобаны орындаудың, оның мақсат-мұраттарына жетудің тиімді жолдары мен осы бағытта белгіленген шаралар көрсетіледі; және

(c) 2000 жылдың 15 наурызына дейін немесе Банк талап еткен бұдан арғы мерзімде осы пункттің (b) тармақшасында көрсетілген есепті Банкпен бірге қарайды және бұдан кейін жаңағы есептегі қорытындылар мен ұсыныстар, әрі Банктің осы мәселе жөніндегі пікірі негізінде Жобаны үлгілі аяқтауды, оның мақсат-мұраттарына жетуді қамтамасыз ететін барлық шараларды қолданады.

## В Бөлімі

### Қатысушы қаржылық мекемелер

1. Несие алушы Жобаның В бөлімін 2-ші пунктке сәйкес Жобаға қатыстыру үшін таңдалып алынған ҚҚМ арқылы орындайды.

2. Несие алушы Банкпен ақылдаса отырып Жобаның В бөлімін орындауға

қатысатын қаржылық мекемелерді таңдап алудың Банкпен келісілген сынақтары негізінде іріктейді. Олар мынаны қамтиды:

- (a) Қаржылық мекеменің іс үстіндегі банктік лицензиясы;
- (b) Қаржылық мекеменің банк ережелері мен заңдарын толық орындайтыны, алдын-ала сақтану нормативтеріне сай капитал қорының жеткілікті екендігі, бір несие алушыға және ішкі несие алушыларға шектеулі жағдайы туралы, сондай-ақ банктің валюталық позициясының ашықтығы жайында Қазақстанның Ұлттық Банкі тарапынан куәландырылған анықтама;
- (c) Бухгалтерлік есептің Халықаралық стандарттарына сай әзірленген шоттар мен қаржылық есептер;
- (d) Қаржылық мекеменің Халықаралық дәрежеде танылған аудиторлық фирма тарапынан Халықаралық аудит стандарттарына сай жүргізілген, әрі портфельдік талдауды қамтыған аудиті жайындағы тиісті есебі;
- (e) Қаржылық мекеменің ауыл қажеткерлерін қамтитын жеткілікті дәрежедегі тармақтары;
- (f) Қаржылық мекеменің жалпы саясатты талдайтын және қаржылық мекеменің іс-әрекеттеріне бақылау жүргізетін қанағаттанарлық дәрежедегі басшылық буыны;
- (g) Қаржылық мекеменің ауыл шаруашылығы саласындағы қажеткерлерді несиелендіруге ниет білдіруі және бұл жөніндегі іс тәжірибесі;
- (h) Қаржылық мекеменің Банкке тиімді дәрежедегі ішкі әкімшілік, қаржылық-әрекеттік жүйелері және жұмыс тәсілдері; әрі
- (i) Қаржылық мекеменің ұйымдық-кадрлық мүмкіншіліктер құру бағдарламасына қатысуға әзірлігі.

3. (a) Несие алушы Жобаның В бөліміндегі мақсаттар үшін Кестедегі (3) Категорияға бөлінген Несие қорын осы Келісімнің 1-ші Қосымшасындағы 1-ші пунктке сәйкес ҚҚМ тарапынан қосымша несие жөніндегі келісімдерге орай қатысушы қаржылық мекемелердің әрқайсысымен Банк қуаттаған шарттар бойынша жасалатын келісімдерге байланысты қайта несиелендіреді. Банкпен басқаша келісілмеген жағдайда мұндай шарттар төмендегіні қамтиды:

- (i) Қосымша қаржы сомасы әр ҚҚМ үшін доллармен немесе теңгемен беріледі;
- (ii) Қосымша қаржының негізгі сомасы ҚҚМ тарапынан Несие алушыға доллармен немесе оған тең мөлшердегі теңгемен біркелкі жартыжылдық үлеспен үш жылдық жеңілдік мерзімін қоса есептегенде онбес жыл ішінде өтелуі тиіс;
- (iii) Қосымша қаржының өтелмеген қалдығы бойынша проценттік қойылым Банкке тиімді жағдайда алынады және былайша белгіленеді:

(a) доллар негізіндегі Қосымша қаржының проценттік қойылымы осы Келісімнің 2.05 тарауына сәйкес анықталатын үстем процент негізінде белгіленеді және мұның үстіне Несие алушыға компенсация үшін Несие алушы тарапынан Банкпен келісе отырып тағайындалатын маржа қосылады; (1) Несиеге байланысты төленуге жататын

міндеттеме ақысы және (2) Қосымша қаржыға байланысты кредиттік тәуекел; және (b) теңге негізіндегі Қосымша қаржының проценттік қойылымы доллар негізіндегі Қосымша қаржы үшін қолданылатын осындай факторларды ескере отырып Банкке тиімді жағдайдағы тәсілдер бойынша анықталады.

(b) Несие алушы Қосымша қаржы жөніндегі Келісімдер шеңберіндегі өз құқықтарын Несие алушы мен Банктің мүдделерін қамтамасыз ету және Жобаның мұраттарына жету үшін пайдаланады, және Банкпен басқаша келісілмеген жағдайда Несие алушы Қосымша қаржы жөніндегі Келісімдерден немесе оның кез-келген ережелерінен бастартуға, өзгертуге, бұзуға болмаса басқа біреуге беруге тиісті емес.

4. (a) Несие алушының Несие қорынан ҚҚМ тарапына бөлетін ең көп дегендегі қаржының мөлшері кез-келген мерзім бойынша Қосымша қаржы жөніндегі Келісімдерде Несие алушының Банкке тиімді жағдайда ұстанған саясатына сәйкес Қосымша қаржының заңды түрде төленген тұтас сомасына қойылған нақты процентке сай келетін сомамен шектеліп отырады; солай бола тұрса да нақты ҚҚМ тарапына Қосымша қаржының заңды түрде төленген тұтас сомасының проценті ешқашанда алғашқы 12 айда 100%-тен, бұдан соң 80%-тен аспауы тиіс.

(b) Осы пункттегі мақсаттар үшін:

(i) "Қосымша қаржының заңды түрдегі төлемдері" дегеніміз Қосымша қаржы шеңберінде Қосымша қаржы жөніндегі Келісімдерде айтылған кредиттік механизмге сәйкес ҚҚМ тарапынан пайдалануға болатын (немесе пайдаланылған) Бенефициар тарапына төленген кез-келген заңды түрдегі төлемдер;

(ii) Нақты ҚҚМ тарапынан белгілі бір уақыт аралығында пайдаланылған "Қосымша қаржының заңды түрдегі тұтастай төлемдері" дегеніміз - белгілі бір уақыт аралығында ҚҚМ тарапынан барлық Бенефициарларға заңды түрде төленген қаржы; және

(iii) "Алғашқы 12 ай" дегеніміз - нақты ҚҚМ тарапынан Қосымша қаржы жөніндегі Келісім жасалғаннан кейінгі он екі айлық мерзімді білдіреді.

## С Бөлімі

### Ауылдық кәсіпорындар және Қосымша жобалар

1. Несие алушы Банкпен кеңесе отырып ауылдық кәсіпорындар мен Қосымша жобаларды таңдап алудың Банкпен келісілген сынақтары негізінде іріктейді. Олар мынаны қамтиды:

1.1. Ауылдық кәсіпорын: Қосымша несиеге қол жеткізу құқына ие болу үшін ауылдық кәсіпорындар: (a) 100 процент жекеменшікке жатуы тиіс және отбасылық шаруашылық немесе іс үстіндегі заң мен қаулылар негізінде заңды тұлға (акционерлік қоғам, өндірістік кооператив немесе серіктік) ретінде танылуы тиіс; (b) ашық және құжаттармен толық бекітілген жарналық құрылымы болуы тиіс, яғни (заңды тұлғаның (акционерлік қоғамның, өндірістік кооперативтің немесе серіктіктің) үлестері

шаруашылық басшылары тарапынан жұмыскерлер мен зейнеткерлерге берілуі шарт және мұндай берудің егжей-тегжейі жалға беру немесе сату жөніндегі ресми келісім-шарт арқылы құжаттар негізінде толықтай бекітілуі тиіс); және (с) қайта құрылудан өткен немесе өту үстінде болуы тиіс, сонымен қатар өзінің бизнес-жоспарында коммерциялық өміршеңдігі мен қаржылық қауқарын дәлелдеп, несиені қайтаратын қабілетін паш етуі тиіс.

(b) Қосымша жобалар: Қаржыландыруға жататын қосымша жобалар мынаны қамтиды: (a) егін шаруашылығы және ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу, Жоба шеңберінде Қосымша несиеге қол жеткізу құқына ие болған ауылдық кәсіпорындарға байланысты басқа да аграрлық іс-әрекеттер; және (b) ауылдық кәсіпорындар тарапынан қосымша жоба құны есебіне қалпына келтіру немесе жетілдіру мақсатында кемінде 10 процент, болмаса іс-әрекетті жаңа бағдарда дамыту жолында кемінде 25 процент мөлшерінде ақшадай немесе өнім арқылы үлес қосу; (с) ауылдық кәсіпорынның жалпы қарызы негізінде есептелетін Қосымша несие мерзімі барысында қарызды игерудің 1,3 көрсеткішіне ие болғаны жөніндегі куәлік.

2. Несие алушы Жобаның В бөліміндегі мақсаттар үшін ауылдық кәсіпорындарды Қосымша қаржы жөніндегі Келісімдер шеңберіне сәйкес ҚҚМ тарапынан қосымша несие жөніндегі келісімдерге орай ауылдық кәсіпорындармен Банк қуаттаған шарттар бойынша жасалатын келісімдерге байланысты, D бөлімінде көрсетілген немесе ескертілген шарттарды кірістіре отырып қайта несиелендіреді.

3. Несие алушы ҚҚМ өз құқықтарын әрбір қосымша жоба бойынша: (i) Банк пен Несие алушының мүдделерін қорғауға; (ii) қайта несиелендіру және қосымша несиелер жөніндегі Келісімде белгіленген өз міндеттемелерін орындауға; (iii) Жоба мұраттарына жетуге пайдалануын қамтамасыз етеді.

## D бөлімі

Бекіту тәртібі, Қосымша несиелердің шарттары мен мерзімі

### 1. Шарттар:

(a) Қосымша несиелер әрбір ауылдық кәсіпорындарға доллармен немесе теңгемен беріледі;

(b) Қосымша қаржының негізгі сомасы ауылдық кәсіпорындар тарапынан ҚҚМ тарапына доллармен немесе оған тең мөлшердегі теңгемен біркелкі жартыжылдық

үлеспен үш жылдан аспайтын жеңілдік мерзімін қоса есептегенде он екі жыл ішінде өтелуі тиіс;

(с) Проценттік қойылым әрбір Қосымша қаржының өтелмеген негізгі сомасы бойынша осы Келісімнің осы Қосымшасындағы В бөлімінің 3 (а) (iii) пунктіне сәйкес анықталатын үстем процент негізінде белгіленеді және мұның үстіне Қосымша қаржы босатқан ҚҚМ тарапынан тағайындалатын нарық негізіндегі спрэд қосылады. Мұның үстіне теңге негізіндегі Қосымша қаржы тарапынан нарық негізінде өзгеріп тұратын валюта курсы үшін қосымша алынады.

(d) Әр қосымша несие алушыға шаққанда берілетін бүкіл Қосымша қаржы көлемі 500 000 АҚШ долларынан аспауы тиіс, алайда Банк тарапынан әрбір нақты жайтты ескере отырып ерекше жағдайда тағайындалатын әрбір Қосымша қаржы көлемі (жалпы алғанда 5 000 000 АҚШ долларына тең болатындай шектеу жағдайында) 750 000 АҚШ долларына жетуі мүмкін.

2. Қосымша жоба мақсатында жұмсалатын тауарлар мен қызмет көлемі төмендегідей жағдайларда Несие қорынан қаржыландыруға жатпайды:

(а) Егер осы Қосымша жоба бойынша берілуге тиісті Қосымша қаржы Банк тарапынан қолдау таппаса және мұндай шығындар осы Қосымшадағы В бөлімінің 3 (а) пунктіне сәйкес берілетін алдын-ала талап пен ақпараттар түспестен 90 күн бұрын жұмсалып кетсе; және

(b) Егер осы Қосымша жоба бойынша берілуге тиісті Қосымша қаржы шектеусіз болып, осы жөнінде Банк Несие қорынан қаржы түсіріп алуға рұқсат берген болса және мұндай шығындар осы Қосымшадағы В бөлімінің 3 (b) пунктіне сәйкес осы шектеусіз Қосымша қаржыға қатысты берілетін алдын-ала талап пен ақпараттар түспестен 90 күн бұрын жұмсалып кетсе, бірақ осы Келісімнің мақсаттары үшін шектеусіз Несие көлемі Қосымша жобаға қатысты Несие қорынан қаржыландырылатын Қосымша Несие ретінде (i) 350 000 АҚШ долларынан аспауы тиіс, әрі мұның ішінде Несие қорынан қаржыландырылуға тиісті немесе қаржыландырылуға ұсынылған өтелмеген сомамен қатар Банк пен Несие алушы арасында осы Келісім жасалғанға дейінгі басқа келісімдерге қатысты қаржыдан осы Қосымша жоба мүдделері үшін тауарлар мен қызмет көлеміне тікелей жұмсалған сома да кіреді; немесе (ii) Несие қорынан қаржыландырылуға тиісті немесе қаржыландырылуға ұсынылған барлық шектеусіз Қосымша Несиелерді қосқанда 500 000 АҚШ долларынан аспауы тиіс, соның өзінде осы көрсетілген сомалар Банктің шешімімен ауық-ауық өзгеріп тұруы ықтимал.

3. (а) Қосымша Несиелерді беру кезінде (шектеусіз қосымша несиелерді қоспағанда) Несие алушы Банктің мақұлдауы мақсатында Банк ұнатқан қалыпта жасалған алдын-ала талап ұсынады, оған: (i) Ауылдық кәсіпорынның сипаттамасы, Қосымша жобаға эксперттік баға беру қорытындысы, оның ішінде Несие қорынан қаржыландырылуға тиісті шығындардың сипаттамасы және қоршаған ортаның экология жөніндегі басшылық негізінде Банкке тиімді деп табылатындай дәрежедегі



жағдайы турасында берілген баға; (ii) Қосымша жобаға қатысты ұсынылған шарттар мен мерзім, оның ішінде өтем кестесі; және (iii) Банктің негізді сұрауларына сәйкес басқа да кез-келген ақпарат.

(b) Несие алушының Несие қорынан шектеусіз қосымша несиелер бойынша қаржы түсіріп алуға рұқсат сұраған әрбір талабында (i) Ауылдық кәсіпорын мен Қосымша жобаның сипаттамасы, оның ішінде Несие қорынан қаржыландырылуға ұсынылған шығындардың сипаттамасы және (ii) Қосымша Несиеге қатысты ұсынылған шарттар мен мерзім, оның ішінде өтем кестесі көрсетілуі тиіс.

(c) Осы пункттің (a) және (b) тармақшаларына сай жасалған алдын-ала сұраулар мен талаптар Банкке 2001 жылдың 30 маусымына дейінгі толық мерзім ішінде тапсырылуы тиіс.

4. Қосымша Несиелер Несие алушыға Ауылдық кәсіпорынмен жасасылған жазбаша келісім-шарт немесе басқа да құқықтық әрекеттер арқылы Банк пен Несие алушының мүдделерін қорғауға мүмкіндік беретін шарттарға сәйкес босатылады, оның ішінде Қосымша Несиеге қатысты мынадай құқықтар қамтылған:

(a) Ауылдық кәсіпорыннан Қосымша жобаны тиісті дәрежедегі ыждағаттылықпен әрі тиімділікпен және тиісті дәрежедегі техникалық, қаржылық, басқарушылық, және экологиялық нормалар мен ережелерге сай жүргізулі және тиісті есеп-қисапқа мұқият болуды талап ету;

(b) (i) Қосымша Несие қорынан қаржыландырылатын тауарлар мен кеңес беру қызметі осы Келісімнің 4-ші Қосымшасындағы ережелерге сай алынуын; және (ii) мұндай қызметтер тек қана Қосымша жобаны орындауға пайдаланылуын талап ету;

(c) Өз бетімен немесе Банктің талабы бойынша Банк өкілдерін қатыстыру арқылы Қосымша жобаға қатыстырылған кәсіпорындарға тікелей тексерулер жүргізу, сонымен қатар олардың іс-әрекеттері мен тиісті есеп-қисабына қатысты құжаттарды тексеру;

(d) (i) Ауылдық кәсіпорынның қамсыздандыру келісім шартын қамсыздандыру жөніндегі сенімді компаниялармен іс жүзіндегі тәжірибеде жеткілікті деп саналатын тәуекел деңгейі мен сома көлемінде жасауын; және (ii) мұндай қамсыздандыру осының алдындағы пункт ережелерін шектемейтіндей жағдайда Несие қорынан қаржыландырылатын тауарларды сатып алу, тасымалдау және пайдаланылатын жерге жеткізіп орналастыру жолындағы бүкіл тәуекелді қамтуын және осы бағытта ықтимал шығындарды Ауылдық кәсіпорынның мұндай тауарларды айырбастауға және жөндеуге еркін қолдана алатын валюта арқылы жабылуын талап ету;

(e) Жоғарыда айтылған мәселелерге және Ауылдық кәсіпорынның басқарылуы, іс-әрекеті және қаржылық жағдайы, сонымен қатар Қосымша жобадан түсетін пайда турасында Банк, немесе Несие алушы тарапынан негізді түрде сұрау салынған кез-келген ақпарат алу;

(f) Ауылдық кәсіпорын тарапынан Несие алушымен жасалған келісім-шартта көзделген міндеттемелерін орындамайтындығы байқалған жағдайда оның Несие қорын

пайдалану құқын тежеу немесе біржола жою.

## 6 Қосымша Арнайы шот

1. Қосымшаның мақсаттары үшін:

(a) "заңға сәйкес категориялар" сөз тіркесі осы Келісімнің 1-ші Қосымшасының 1-ші кестесінде көрсетілген (1)-(4) категорияларды мағыналайды;

(b) "заңға сәйкес шығындар" сөз тіркесі осы Келісімнің 1-ші Қосымшасындағы шарттарға сәйкес әлсін-әлсін заңға сәйкес категорияларға Несие қорынан қаржыландырылу арқылы Жобаны іске асыруға қажетті тауарлар мен қызмет көлемінің ақылға сиымды баға негізіндегі шығындарын мағыналайды, алайда осы Келісімнің (5) Қосымшасының D бөліміндегі 2 (b) пунктіндегі ережелерге қарамастан шектеусіз Қосымша Несиелер тарапынан қаржыландырылатын шығындар төлемі жоғарыда көрсетілген мақсаттарда Банктің Несие қорынан қаржы түсіріп алуды бекіткеніне дейінгі Арнаулы шот арқылы жүргізілуі мүмкін. Бірақ мұндай шығындар тек қаржы түсіріп алудың мұндай түрінің Банк тарапынан іле-шала бекітілген жағдайында ғана заңды деп саналады; және

(a) "Бекітілген қаржы" сөз тіркесі осы Қосымшаның 3(a) пунктіне сәйкес Несие қорынан түсіріліп алынып, Арнаулы шотқа салынған 1 500 000 АҚШ долларына тең соманы мағыналайды, соның өзінде Банк басқаша келіспеген жағдайда Бекітілген қаржы Жалпы шарттардың 5.02 тарауына сәйкес бүкіл өтелмеген арнайы міндеттемелердің Банк қабылдаған барлық сомасы 3 000 000 АҚШ долларына тең болғанға немесе одан асып кеткенге дейін 1 000 000 АҚШ доллары мөлшерімен шектеледі.

2. Арнаулы шот арқылы қаржы төлеу осы Қосымшаның шарттарына орай тек қана заңға сәйкес шығындар үшін жүргізіледі.

3. Арнаулы шоттың тағайындалған тәртіптерге сай ашылғаны жөнінде Банкке қолайлы көлемде куәлік берілгеннен кейін Бекітілген қаржыны түсіріп алу және Арнаулы шотты толтыру мақсатында әрі қарай қаржы түсіріп алу төмендегі тәртіп бойынша жүргізіледі:

(a) Несие алушы бекітілген қаржыны түсіріп алу үшін Банкке жалпы сомасы немесе сомалары Бекітілген қаржыдан аспайтын депозит салымы жөнінде сұрау немесе сұраулар салады. Осындай сұрау немесе сұраулар негізінде Банк Несие алушының атынан Несие қорынан қаржы түсіріп алып, оны Несие алушы сұраған сома немесе сомалар мөлшерінде Арнаулы шотқа депозит есебінде салады.

(b) (i) Арнаулы шотты толтыру үшін Несие алушы Банкке Банктің өзі белгілеген мерзімде Арнаулы шотқа қаржы аудару турасында сұрау салады.

(ii) осы сұрауды алғанға дейін немесе алған сәтте Несие алушы Банкке төлемді

немесе төлемдерді іске асыру мақсатында осы Қосымшаның 4-ші пунктінде көрсетілген құжатнамаларды және басқа да куәліктерді тапсыру арқылы Арнаулы шотты толтыру жөнінде өтініш білдіреді. Осындай әрбір сұрау салу негізінде Банк Несие алушының атынан Несие шотындағы қаржыны Несие алушы сұраған мөлшерде есептен шығара отырып, жоғарыда аталған және басқа да құжаттар негізінде осы соманың Арнаулы шоттан тиісті шығындарды өтеу мақсатында есептен шығарылғандығын куәландырады.

Банктің Несие шотынан көрсетілген депозиттерді түсіруі заңды категориялар және тиісті тең сомалардың шеңберінде жүргізіледі, әрі бұл тиісті қаржылық және басқа да құжаттар арқылы бекітілуі тиіс.

4. Несие алушының Арнаулы шот арқылы өткізген әрбір төлемі бойынша Несие алушы Банктің сұрауында көрсетілген мерзім ішінде Банкке осындай төлемнің тек заң негізіндегі шығындар үшін жасалғандығы туралы құжатнамалар мен куәліктерді тапсырып отырады.

5. Осы Қосымшаның 3-ші пунктіндегі ережелерге қарамастан мынадай жағдайларда Банк Арнаулы шотқа қатысты әрі қарайғы депозит мәселесі жөніндегі сұрауларға құлақ аспауы мүмкін:

(a) Егер Банк Несие алушының Несие шотынан қаржы түсіріп алуды бұдан әрі қарайғы жерде осы Келісімнің 2.02 тарауындағы (a) пунктіне және Жалпы шарттардың V бабына сәйкес жүргізіп жатқанын қандайда бір мезгілде байқап қалғандай болса; немесе

(b) Егер осы Қосымшаның 4.01 (b) (ii) тарауында сипатталғанындай Арнаулы шотқа қатысты есеп-қисап пен есеп берулер тарапында жүргізілген аудит жайындағы осы тарауда айтылғандарға сәйкес Банкке тапсырылуға тиісті қандай да бір қорытындылар Несие алушы тарапынан Банкке тапсырылмаған болса;

(c) Егер Банк қандайда бір мезгілде Несие алушының Несие шотынан қаржы түсіріп алу жөніндегі құқықтарын Жалпы шарттардың 6.02 тарауына сәйкес жарым-жартылай тежейтін немесе мүлде тоқтататын ниеті туралы Несие алушыны хабардар еткен жағдайда; немесе

(d) Жоба жөніндегі Жалпы шарттардың 5.02 тарауындағы ережелерге сәйкес несие қорындағы заңға сәйкес категорияларды қаржыландыруға лайықталған соманың Банк тарапынан бүкіл өтелмеген арнайы міндеттемелер турасындағы сомаларды алып тастағаннан кейінгі түсіріліп алынбаған көлемі Бекітілген қаржы сомасынан екі есе артып кеткен жағдайда. Бұдан кейін несие қорындағы заңға сәйкес категорияларды қаржыландыруға лайықталған соманың түсіріліп алынуы Несие алушыға Банк тарапынан арнайы хабардар етілген тәртіп бойынша жүргізіледі. Қаржының әрі қарайғы жерде түсіріліп алынуы осы тәртіп хабардар етілген күні Арнаулы шоттағы депозитте қалған барлық соманың заңға сәйкес шығындарды өтеуге жұмсалатындығы жайында Банк тарапынан көз жеткізілгеннен кейін Банкке тиімді деп табылған көлемде

жүргізілетін болады.

6. (a) Егер Банк қандайда бір мезгілде (i) Арнаулы шоттан жасалған кез-келген төлемдер осы Қосымшадағы 2-ші пунктке сәйкеспейтін сомада немесе онда көрсетілмеген шығындарға бағытталғанын анықтаған жағдайда немесе (ii) Банкке ұсынылған құжатнамалармен негізделмеген жағдайда Несие алушы мұндай қосымша қуаттауды Банк тарапынан (А) хабардар етілгеннен кейін іле-шала Банктің ықтимал сұрауына орай қамтамасыз етеді; немесе (В) заңға сәйкес категорияларға кірмейтін, болмаса жеткілікті дәрежеде қуатталмаған төлемдерге немесе солардың бөлігіне тең соманы (Банктің талабына сәйкес Банкке қайтарып береді) немесе Арнаулы шотқа салады. Банк басқаша келіспеген жағдайда Несие алушы әрбір нақты жағдайда мұндай қуаттауларды тапсырмайынша немесе айтылған қаржыны Арнаулы шотқа салмайынша , яки болмаса қаржыны орнына келтірмейінше Арнаулы шотқа Банк тарапынан ешқандай да қаржы салынбайды.

(b) Егер Банк қандайда бір мезгілде Арнаулы шоттағы өтелмеген кез-келген соманың заңға сәйкес төлемдерді әрі қарай өтуге қажетсіздігін тағайындаған жағдайда Несие алушы Банк тарапынан хабардар етілгеннен кейін іле-шала осындай өтелмеген соманы Банкке

қайтарып береді.

(c) Несие алушы Банк тарапынан хабардар етілгеннен кейін Арнаулы шоттағы депозитке салынған қаржыны Банкке толықтай немесе жарым-жартылай қайтарып береді.

(d) Банкке қайтарылып берілген қаржы осы Қосымшадағы 6(a), (b) және (c) пункттеріне сәйкес осы Келісімдегі ережелерге және Жалпы шарттарға орай әрі қарай түсіріп алу немесе жою мақсатында Несие шотына құйылады.

Оқығандар:

Омарбекова А.

Нарбаев Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК